

**Қамқоршылық кеңес отырысының
№3 Хаттамасы**

Өткізілген күні: 23 сәуір 2026 жыл

Қатысқандар: Қамқоршылық кеңес мүшелері, балабақша педагогтері

Күн тәртібінде:


1. Тәрбие сапасын арттыру мақсатында «Адал азамат» бағдарламасы бойынша іс-шаралар
2. «Жасыл балабақша» акциясын, аумақты көгалдандыру жұмыстарын ұйымдастыру
3. Көктемге байланысты тағам құрамының өзгеруін бағалау


Тыңдалды:

1. Менгеруші – әдіскер Несипбаева Р.М. «Адал азамат» бағдарламасының тәрбиелік маңызы туралы баяндай отырып, балалардың бойына адамгершілік, адалдық, еңбекқорлық қасиеттерін, экологиялық мәдениетті және табиғатқа деген сүйіспеншілікті ояту мақсатында бірқатар жұмыстар жүргізілгендігін атап өтті. Соның бірі әкелеріміздің балаларымен бірге қатысуымен «Әке көрген оқ жонар» тақырыбында іс-шара өткізіліп, шара барысында құстарға өз қолдарымен ұя жасап, балабақша ауласына іліп табиғатқа өз үлестерін қосты.
2. Менгеруші көгалдандыру жұмыстарының жоспарымен таныстырды, сонымен қатар көгалдандыру жұмысына балалардың да белсенді қатысуы үшін «**Жасыл балабақша**» акциясы ұйымдастырылып, тәрбиешілер түрлі іс-шаралар өткізді.
3. Балабақша медбикесі көктем мезгіліне байланысты тәрбиеленушілердің тамақтану рационна енгізілген өзгерістер туралы ақпарат берді. Балалардың ағзасын дәрумендермен қамтамасыз ету мақсатында мәзірге көкөніс салаттары, жемістер, шырындар және дәрумендерге бай тағамдар көбірек енгізілгені айтылды. Тағамдардың құнарлылығы мен калориялығы жас ерекшеліктеріне сәйкес сақталғаны хабарланды. Қамқоршылық кеңес мүшелері көктемгі мәзірдің балалардың денсаулығын нығайтуға, иммунитетін көтеруге және дұрыс тамақтану дағдыларын қалыптастыруға бағытталғанын атап өтті. Ас мәзірінің санитариялық талаптарға және бекітілген тамақтану нормаларына сәйкес дайындалуы оң бағаланды.

Қаулы:

1. «Адал азамат» бағдарламасы аясында тәрбиелік іс-шаралар өткізілсін.
2. Тәрбие сапасын арттыру жұмыстары жалғассын.
3. «Жасыл балабақша» акциясы өз жұмысын жалғастырсын. Балабақша аумағына гүлдер мен ағаштар отырғызылсын.
4. Тамақ өнімдерінің сапасына қоғамдық бақылау жүргізу жалғастырылсын.

Төраға:  Суликова Алия

Хатшы:  Байтасова Динара

ЖШС «Самғау НРМ» «Жұлдыз» балабақшасы



Несипбаева Р.М.